

Алматы қаласында 2001 жылғы 25-27 сәуірде Еуразиялық көлік дәлізін дамыту жөнінде көлік ведомстволары мен кеден қызметтері басшыларының бірлескен кеңесін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 сәуір N 463

Қазақстанның транзиттік әлеуетін пайдалану жөніндегі жұмысты жандандыру, сондай-ақ Беларусь Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Польша Республикасы, Ресей Федерациясы, басқа да мүдделі мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың көлік ведомстволары мен кеден қызметтерінің басшыларын Еуразиялық көлік дәлізін ұйымдастыру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіруге тарту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алматы қаласында 2001 жылғы 25-27 сәуірде Беларусь Республикасының, Германия Федеративтік Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Польша Республикасының, Ресей Федерациясының көлік ведомстволары мен кеден қызметтері басшыларының бірлескен кеңесін (бұдан әрі - Кеңес) бюджеттік қаржыландыру қаражатын тартусыз өткізуіне келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен және "Қазақстан инвестицияға жәрдемдесу орталығы" жабық акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп Кеңесті өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген

тәртіппен Кеңеске қатысушыларға кіру және шығу құжаттарын ресімдеуде көмек көрсетсін.

4. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК